



EGEMEN QAZAQSTAN

№236 (30465) 9 ЖЕЛТОҚСАН, ЖҰМА 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиынама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мәжіліс төрағасын қабылдады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады.

Президентке Парламент Мәжілісінің спикері палатаның VII шақырылымының үшінші сессиясы аясында атқарып жатқан заң шығару жұмыстары туралы баяндады. Қазіргі кезде азаматтардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы, қоғамдық бақылау, тұрғын үй

саясатын реформалау туралы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласына және қоғамдағы басқа да өзекті мәселелерге қатысты заң жобалары депутаттардың қарауында жатыр. Ерлан Қошанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа Мәжіліс пен қайта құрылған Жоғары аудиторлық палата арасындағы өзара іс-әрекет

механизмдері туралы мәлімет берді. Енді Парламент мүшелері орталықтан бастап нақты аудан, қала, ауылға дейінгі бөлінген бюджет қаржысын толық бақылай алады. Бұл барлық қаражаттың мақсатты жұмсалуды мен тиімділігін сараптауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ спикер Мәжіліс жанынан құрылған Қоғамдық палатаның жұмысы туралы айтты. Палата құрамына депутаттар, сарапшылар, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кірді. Қоғамдық палатада әзірленіп жатқан заң жобаларын қоғамның сұранысы мен талап-тілегі тұрғысынан тұрақты түрде талқылау жоспарланып отыр. Сонымен қатар Мемлекет басшысына Парламенттің төменгі палатасы жанындағы Қоғамдық қабылдаудың жұмысы туралы есеп беріліп, Мәжілістің қоғамға ашықтығын арттыру жөніндегі жобалары таныстырылды.

Нақты тапсырмалар берілді



Мемлекет басшысы бірқатар облыс әкімдерін қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев өңірдің биылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы баяндады. Сондай-ақ инвестициялық жобалардың және Жұмыспен қамту жол картасының жүзеге асырылуы туралы мәлімет берілді.

Сонымен қатар Президенттің қабылдауында болған Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов Екібастұз ЖЭС-інің жылу желілеріндегі апаттың салдарын жоюға бағытталған шаралар

жөнінде есеп берді. Оның айтуынша, Екібастұз қаласының жылу жүйесін қалпына келтіру жұмыстары 15 желтоқсанға дейін аяқталады. Кездесуде облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық

көрсеткіштері және ауыл шаруашылығын дамыту, ауыл халқы сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, көлік инфрақұрылымы мен тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі тапсырмалардың орындалуы барысы баяндалды. Бұдан кейін Мемлекет басшысының қабылдауында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров болды. Ол өңірді дамыту жоспары мен берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Құмар Ақсақалов Қостанай облысының қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы есеп беріп, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық өсім мен инвестиция тарту жөнінде баяндады. Сонымен қатар әкім Президентке Қостанайда өтетін XIX өңіраралық форумға дайындықтың басталғанын жеткізді. Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған облыстардың әкімдеріне өңірлерді дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығына жан-жақты қолдау көрсету арқылы ауылдардың өркендеуін қамтамасыз етуді, инфрақұрылымдарды жаңғыртып, көлік-логистикалық ахуалды жақсартуды тапсырды.

Сот жүйесін жетілдіру маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан сайланған Жоғарғы сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады.



Кездесу барысында сот жүйесін дамыту мәселелері талқыланды. Жоғарғы сот төрағасы заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың судьяларға сенімін арттыру үшін сот жүйесін жетілдірудің концептуалды бағыттарына қатыс-

ты өз көзқарасын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев сот төрелігінің сапасын одан әрі жақсарту және Қазақстан хал-

қына Жолдауында сот жүйесін жаңғыртуға қатысты айтылған бастамаларды тиімді жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

Үкімет отырысына қатысады

12 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді.

Жиын барысында еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы есеп

беріледі және Үкіметтің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары қарастырылады деп жоспарланып отыр.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Қ.Бөлекпаевты тағайындау туралы

Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев Қарағанды облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 8 желтоқсан № 45



Ермағанбет Қабдулаұлы БӨЛЕКПАЕВ 1975 жылы Қарағанды облысында туған. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін бітірген.

Еңбек жолын 1996 жылы «Қазкоммерцбанк» ААҚ Теміртау филиалының экономисі болып бастаған. 1998-2003 жылдары Индустрия және сауда министрлігінің бас маманы, басқарма бастығының орынбасары болып жұмыс істеген.

2003-2006 жылдары Парламент Сенаты депутатының, одан кейін Павлодар облысы әкімінің көмекшісі болған. 2006 жылы Павлодар облысы Павлодар ауданының әкімі болып тағайындалған.

2008-2009 жылдары Павлодар облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасын басқарған. 2009-2013 жылдары Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы бойынша басқармаларының бастығы лауазымдарын атқарған.

2013-2018 жылдары Астана қаласының «Сарыарқа», «Алматы» және «Есіл» аудандарының әкімі болған. 2018 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып тағайындалған. 2018-2020 жылдары Қарағанды облысы әкімінің орынбасары болып жұмыс істеген.

2020 жылғы қыркүйектен бастап Қарағанды қаласының әкімі. «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Құрмет» орденімен марапатталған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ж.М.Қасымбекті тағайындау туралы

Жеңіс Махмұдұлы Қасымбек Астана қаласының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 8 желтоқсан № 46

СЕРПІНДІЛІК СТРАТЕГИЯСЫ

Мораторий – бизнеске мүмкіндік

Президент микро және шағын бизнес субъектілерін тексеруге жарияланған мораторийді тағы бір жылға созу жөнінде шешім қабылдады. Сәрсенбі күні тиісті Жарлыққа қол қойылды.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Рас, мемлекет кәсіпкерлік белсенділікті шектейтін кедергілерді жоюға күш салып келеді. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасары даусыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, бизнесті негізсіз және шектен тыс бақылауға, қылмыстық қудалауға жол беруге болмайды.

– Кәсіпкерлерді негізсіз тексерулерден қорғауға, қылмыстық процеске заңсыз тартуды

болдырмауға бағытталған кешенді шаралар қазірден бастап қолға алынып жатыр. Биыл 6 мыңнан астам кәсіпкер жалпы құны шамамен 700 млн теңге болатын заңсыз айыппұлдан босатылды. Заңсыз салынған 1 200 тыйым салу және шектеу шараларының күші жойылды. Кәсіпкерлерге қатысты заңсыз іс-әрекеті үшін мыңнан аса лауазымды тұлға жауапқа тартылғанын атап өткен жөн. Әрбір алтыншы іс қылмыстық

құқық бұзушылық белгілері болмауына байланысты тоқтатылды. Биылдан бастап азаматтық тәртіп негізінде шағымданудың барлық мүмкіндігі пайдаланбайынша, қылмыстық іс қозғауға тыйым салынды, – деген еді осы аптада «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының иегерлерін марапаттау рәсіміне қатысқан Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Шыбын жаныңызды шетел алып қала ала ма?

Ішінде өлімнің өмір сүріп жатқанын біліп тұрып өмір сүретін адамның әрбір күні – жеңіс. Медицинаның өркендеп, ақпарат ағыны асып-тасыған заманда қатерлі ісікке шалдыққан қайраты мықты науқастардың бұл кеселді «стоматологтің кабинетіне кіріп-шыққандай» көп диагноздың бірі ретінде қабылдайтын жағдайға жеткені де сананың өсіп, сауатының артқанынан болар.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Белсенді өмір сүріп жүрген адамның бір-ақ сәтте бейбаққа айналып, үміт пен күдік аралас жанталас күйін кеше жүріп, өлімді емес, өмірді тандаған кездегі алғаш иек артар ойы: «Шетелде емделсем, қалай болар екен?».

Қазір әлеуметтік желіні ашып қалған адам сырқатына сауға сұрағандардың өтініш-тілегінен

аяқ алып жүре алмайды. «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде», деп ұят пен намысты иманы санайтын ірі мінез ажалдың демін құлақтың түбінен сезгенде адыра қалатыны аян ғой. Әдетте мұндай жарнама мәтіндерінің мазмұны да ұқсас келеді: «Науқастың жағдайы ауыр, сирек кездесетін сырқат түрі, дерт асқынды бар. Біздің сырқатты емдеп жазуға Қазақстан медицинасы қауқарсыз. Айықпас



жарнаманың төртеуі шетел клиникасында емделуге қаржы сұрайды.

(Соңы 9-бетте)